

Республикалық меншіктегі жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерде мемлекеттің атынан акциялардың мемлекеттік пакеттеріне және қатысудың мемлекеттік үлестеріне иелік ету және пайдалану құқықтарын жүзеге асырудың жекелеген мәселелері

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 20 мамырдағы N 565 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 29 қазандағы № 1143 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 29.10.2014 № 1143 қаулысымен.

"Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 13 мамырдағы Заңы 34-бабының 3-тармағын орындау үшін, сондай-ақ мемлекеттік меншікті тиімді басқару мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Мемлекеттік органдар, оның ішінде, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (келісім бойынша) республикалық меншіктегі жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерде акционерлік қоғамдар акцияларының мемлекеттік пакеттеріне және қатысудың мемлекеттік үлестеріне иелік етуі және пайдалану құқықтарын жүзеге асыруы кезінде:

1) Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетімен (бұдан әрі - Комитет) мемлекеттің қатысуы бар акционерлік қоғамдардың жалпы жиналыстарында қабылдау үшін ұсынылатын мынадай:

қоғам жарғысына өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізу немесе оны жаңа редакцияда бекіту;

қоғамды ерікті түрде қайта ұйымдастыру және тарату;

жарғылық капиталдың мөлшерін өзгерту;

есепті қаржы жылында қоғамның таза кірісін бөлудің тәртібі;

қоғамға тиесілі барлық активтердің жиырма бес және одан да көп пайызын құрайтын сомада активтердің бір бөлігін немесе бірнеше бөлігін беру жолымен қоғамның өзге заңды тұлғаларды құруға немесе олардың қызметіне қатысуы туралы шешім қабылдау;

қоғамның меншікті капиталы мөлшерінің жиырма бес және одан да көп пайызын құрайтын сомаға қоғамның міндеттемелерін ұлғайту туралы шешім қабылдау;

оларды жасасуда қоғам мүддесі бар ірі мәмілелерді және мәмілелерді жасасу

туралы шешімдерді қоғамның бекітуі;

директорлар кеңесінің сандық құрамын, өкілеттігі мерзімін айқындау, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақы төлеу мөлшері мен ш а р т т а р ы н а й қ ы н д а у ;

"алтын акцияны" енгізу және оның күшін жою мәселелері бойынша күн тәртібінің мазмұны мен шешімдердің жобаларын алдын ала жазбаша түрде к е л і с с і н ;

2) Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын ескере отырып, атқарушы орган басшысын (атқарушы органның функцияларын жеке дара жүзеге асыратын тұлғаны) сайлау және өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату мәселелерін Комитетпен келісуді қамтамасыз етсін;

3) акциялардың кемінде 50 пайызына мемлекет ие акционерлік қоғамдардың директорлар кеңесі құрамына Комитет өкілдерін енгізуді қамтамасыз етсін;

4) осы тармақтың 3) тармақшасында көрсетілген акционерлік қоғамдардың директорлар кеңесі құрамына Комитет өкілдерін енгізу жөнінде қажетті ш а р а л а р д ы қ а б ы л д а с ы н ;

5) мемлекеттің үлестік қатысуымен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерге (бұдан әрі - серіктестік) қатысушылардың жалпы жиналыстарында қабылдау ү ш і н ұ с ы н ы л а т ы н м ы н а д а й :

жарғыға өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізу немесе жарғыны жаңа р е д а к ц и я д а б е к і т у ;

серіктестікті қайта ұйымдастыру немесе тарату;

жарғылық капиталдың мөлшерін өзгерту;

жылдық қаржы есептілігін бекіту және таза кірісті бөлу;

серіктестіктің өзге де заңды тұлғаларда қатысуы туралы шешім;

серіктестіктің бүкіл мүлкінің кепілі туралы шешім;

серіктестіктің атқарушы органын құру, оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ серіктестік мүлкін жалға немесе сенімгерлік басқаруға беру жөніндегі мәмілелер туралы шешім қабылдау;

байқау кеңесін және (немесе) тексеру комиссиясын (тексерушіні) сайлау және өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;

қатысушыдан үлесті мәжбүрлеп сатып алу туралы шешім қабылдау мәселелері жөніндегі күн тәртібінің мазмұны мен шешімдердің жобаларын Комитетпен алдын ала жазбаша келіссін;

6) осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес Комитетке ақпарат ұсынуды қамтамасыз етсін.

2. Осы қаулыға 2-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан

Республикасы

Үкіметінің

2004

жылғы

20

мамырдағы

N

565

қаулысына

1-қосымша

Ескерту. Кестеге өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.09.26. N 839 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетіне мемлекеттік органдардың ақпарат беруінің кестесі

p/c	Ақпарат	Беру мерзімдері
N		

1	2	3
---	---	---

- | | | |
|----|---|---|
| 1. | Акционерлік қоғамдардың (жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің) акционерлері (қатысушылары) жалпы жиналыстарының шешімдері | жыл сайын, жиналыс өткізілгеннен кейін 10 күннің ішінде, сырттай дауыс беру жолымен шешім қабылданған жағдайда - 15 күн ішінде |
| 2. | Ішкі аудит қызметінің (тексеру комиссиясының) қорытындылары ішінде | жыл сайын, тиісті тексеру өткізілгеннен кейін 5 күннің ішінде |
| 3. | Аудит жүргізудің нәтижелерінен кейін 5 күннің ішінде | жыл сайын, аудит жүргізілгеннен кейін 5 күннің ішінде |
| 4. | Акционерлік қоғамдардың (жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің) акционерлері (қатысушылары) кезектен тыс жалпы жиналыстарының шешімдері | өткізілуіне орай, жиналыс өткізілгеннен кейін 10 күннің ішінде; сырттай дауыс беру жолымен шешім қабылданған жағдайда - 15 күн ішінде |
| 5. | Директорлар кеңесі отырысының шешімі | өткізілуіне орай, отырыстан кейін 7 күннің ішінде |
| 6. | Соттың шешімі (айқындамасы) (олар болған жағдайда) ішінде | соттың шешімін (айқындамасын) алғаннан кейін 3 күннің ішінде |

7. Акциялардың мемлекеттік тоқсан сайын, келесі айдың пакеттеріне (мемлекеттің қатысу 5 күніне дейін үлесіне) дивидендтерді аудару туралы мәлімет
8. Акционерлік қоғамдар жасайтын шарттарға қол қойылғаннан ірі мәмілелердің барлық түрлері кейін 5 күннің ішінде бойынша шарттардың көшірмелері
9. Қазақстан Республикасы жыл сайын, 15 қыркүйекке Қаржы министрінің 2007 жылғы дейін 23 мамырдағы N 184 бұйрығымен бекітілген нысандар бойынша жария мүдделі ұйымдардың (қаржылық ұйымдардан басқа) қағаз және электрондық жеткізгіштердегі қаржылық есептілігі
10. Қазақстан Республикасы Қаржы бекітілген күннен бастап 5 Министрінің 2005 жылғы 27 жел- жұмыс күні ішінде тоқсандағы N 441 бұйрығына сәй- кес нысандар бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі мен Қазақстан Республикасы Прези- дентінің Іс басқармасы респуб- ликалық мемлекеттік меншік құқығы субъектісінің функция- ларын жүзеге асыратын ұлттық компаниялар мен ұйымдарды қос- пағанда, акцияларының бақылау пакеттері (қатысу үлестері) мемлекетке тиесілі акционерлік қоғамдардың (жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің) қаржы-шаруашылық қызметі жос- парларының қағаз және электрондық жеткізгіштердегі көшірмелері
- 10-1. Қазақстан Республикасы бекітілген күннен бастап Қаржы министрінің 2006 жылғы 15 5 жұмыс күннің ішінде тамыздағы N 302 бұйрығына сәйкес нысандар бойынша Қазақстан Респуб-

ликасы Ұлттық Банкі мен Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы республикалық мемлекеттік меншік құқығы субъектісінің функцияларын жүзеге асыратын ұлттық компаниялар мен ұйымдарды қоспағанда, акцияларының бақылау пакеттері (қатысу үлестері) мемлекетке тиесілі акционерлік қоғамдардың (жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің) қаржы-шаруашылық қызметі жоспарларының орындалуы жөніндегі есептердің қағаз және электрондық

жеткізгіштердегі көшірмелері

11. Акциялардың мемлекеттік пакетіне жоспарланатынның алдындағы дивидендтер мөлшерінің болжамды жылдың 1 сәуіріне дейін
- к ө р с е т к і ш т е р і

Қ а з а қ с т а н	Р е с п у б л и к а с ы
Ү к і м е т і н і ң	
2 0 0 4	ж ы л ғ ы 2 0
N	м а м ы р д а ғ ы
5 6 5	қ а у л ы с ы н а
2-қосымша	

Қазақстан Республикасы Үкіметінің күші жойылған кейбір шешімдерінің тізбесі

1. "Жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерде мемлекеттің атынан акциялардың мемлекеттік пакеттеріне және қатысудың мемлекеттік үлестеріне иелік ету және пайдалану құқықтарын жүзеге асырудың жекелеген мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 29 маусымдағы N 882 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1999 ж., N 29, 285-құжат).

2. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 29 маусымдағы N 882 қаулысына толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 30 маусымдағы N 908 қаулысы .

3. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 29 маусымдағы N 882 қаулысына өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 7 ақпандағы N 177 қаулысы .

4. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 29 маусымдағы N 882 және 2001 жылғы 28 ақпандағы N 290 қаулыларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 28 желтоқсандағы N 1405 қаулысының 1-тармағының 1-тармақшасы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2002 ж., N 47, 480-құжат).

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК